ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 17 шілде №7119-25-00-2/7348 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судья Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Нұрлы жүрек" әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Асканбаев» басшысы Асканбаев Данияр Нурзатұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің "Нұрлы жүрек" әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Асканбаев» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы арызы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Асканбаев» басшысы Асканбаев Данияр Нурзатұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкерден «Асканбаев» басшысы Асканбаев Данияр Нурзатұлы мемлекет кірісіне 1 966 (бір мын тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 17.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 25.08.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 25.08.2025
7119-25-3-1/7142

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

АПК-нің 147, 403, 404-баптары негізінде шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы тараптар апелляциялық шағымды, наразылықты келтіруге құқылы.

Судья Ж.Нургалиева

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Ж. Д., 17.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 25.08.2025, судья Нургалиева Ж. Д., 25.08.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -